№ 5 И.В.Панфилов атындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің 2025–26 оқу жылының III тоқсаны бойынша атқарылған жұмыстарының есебі

2025–2026 оқу жылының III тоқсанында қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігі білім беру үдерісінің сапасын арттыру, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, ұлттық құндылықтарға баулу және рухани-мәдени танымын кеңейту мақсатында жүйелі әрі нәтижелі жұмыстар жүргізді.

III тоқсан оқу барысында пән мұғалімдері заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын, тілдік дағдыларын және әдеби талдау қабілеттерін дамытуға ерекше назар аударды.

Сонымен қатар, дарынды оқушыларды анықтап, оларды түрлі деңгейдегі байқауларға дайындау жұмыстары өз жалғасын тапты. Мектепішілік сайыстарға қатыстырып, оқушылардың жан-жақтылығын зерделеу арқылы түрлі сайыстарға қатыстырылатын оқушылар іріктелді.

III тоқсан қазақ тілі мен әдебиет пән бірлестігі үшін табысты да жемісті кезең болды. Оқушылар қалалық, облыстық байқауларда жоғары жетістіктерге қол жеткізді.

Атап айтар болсақ, республикалық «Мәшһүр Жүсіп оқулары» байқауының қалалық кезеңінде 9 «Б» сынып оқушысы Садық Роза Асылханқызы I орын иеленді. Жетекшісі – Джусумбекова Заурегуль Авгановна.

«Әбіш оқулары» республикалық ғылыми-шығармашылық конкурсының облыстық кезеңінде Ақсұлтан Нұрдана I орын алып, республикалық кезеңге жолдама алды. Жетекшісі: Беркінбай Салтанат Қалдыбекқызы.

8-11 сынып оқушылары аралығында «Әбіш оқулары» республикалық ғылыми-шығармашылық байқауының қалалық кезеңінде «Әбіш Кекілбаев шығармаларынан иллюстрациялық суреттер салу байқауы» 10-сынып оқушысы Ақсұлтан Нұрдана I орын иеленді. Жетекшісі: Салтанат Беркінбай.

«Әбіш оқулары» қалалық кезеңі бойынша 10-сынып оқушысы Жапархан Каусар III орын иеленді. Жетекшісі: Бақытжанова Бағжан.

«Әбіш оқулары» сахналық қойылым «Бір шоқ жиде» әңгімесі бойынша 9-сынып оқушылары Серік бай Гауһар, Ақарыс Әділжан, Ғабит Диас, Мирамбекова Жания III орын иеленді. Жетекшісі: З.Джусумбекова.

Қызылорда қаласы және мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдығына арналған «Есіңе мені алғайсың» атты мектеп оқушылары арасындағы қалалық көркем сөз оқу байқауында 10 «Б» -сынып оқушысы Қожамұратқызы Торғын II орын иеленді. Жетекшісі: Д.Абдрахманова.

Қызылорда қаласы және мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдығына арналған «Есіңе мені алғайсың» атты мектеп оқушылары арасындағы қалалық көркем сөз оқу байқауында 5 «Ә» -сынып оқушысы Темірхан Сырым I орын иеленді. Жетекшісі: А.Балманова.

«Жарқын болашақ» республикалық қазақ олимпиадасының қалалық кезеңінде «Бейнелеушілер бағыты» бойынша 10-сынып оқушысы Ақсұлтан Нұрдана II орын иеленді. Жетекшісі: Салтанат Беркінбай.

«Сөз шеберлері» бағыты бойынша 10-сынып оқушысы Жапархан Каусар III орын иеленді. Жетекшісі: Бағжан Бақытжанқызы.

«Білгірлер бәйгесі» бағыты бойынша 7-сынып оқушысы Қозыбақова Ұлдана III орын иеленді. Жетекшісі: Кемал Гүлжайна

«Әнші бұлбұлдар» бағыты бойынша 8-сынып оқушысы Матешова Севера (өзге ұлт өкілі) III орын иеленді. Жетекшісі: Фарида Бегманова.

III тоқсан барысында қазақ тілі пән бірлестігі жоспарға сәйкес жүйелі түрде жұмыс жүргізіп, білім сапасын арттыру, оқушылардың тілдік құзыреттілігін дамыту, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру бағытында бірқатар нәтижелі іс-шараларды жүзеге асырды.

Сканировано с CamScanner

Аталған кезеңде пән мұғалімдері оқу бағдарламасын толық меңгертуді басты назарда ұстап, сабақтарды жаңартылған білім беру мазмұнына сай ұйымдастырды. Сабақ барысында оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері, цифрлық ресурстар мен инновациялық технологиялар кеңінен қолданылды.

Сонымен қатар, оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, мәнерлеп оқу байқаулары, эссе жазу, шығармашылық жұмыстар сайыстары өткізіліп, дарынды оқушылардың қабілеттерін дамытуға ерекше көңіл бөлінді. Республикалық сайыстардың қалалық, облыстық кезеңдерінде «Жарқын болашақ», «Мәшһүр Жүсіп оқулары», «Мұқағали Мақатаев» т.б байқауларында оқушыларымыз жүлделі орындарға ие болып, мектеп абыройын асқақтатты.

Білім сапасын бақылау мақсатында аралық мониторинг жүргізіліп, талдау жұмыстары жасалды. Нәтижесінде оқушылардың білім деңгейін арттыруға бағытталған нақты ұсыныстар мен түзету жұмыстары жоспарланды.

Қорыта айтқанда, III тоқсанда қазақ тілі пән бірлестігі жоспарланған жұмыстарды толық жүзеге асырып, сапалы білім беру мен тәрбиелік мәні зор іс-шараларды нәтижелі өткізді. Алдағы уақытта да оқыту сапасын арттыру, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бағытындағы жұмыстар жалғасын табады.

Сканировано с CamScanner